

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.ІІ. – Б.38-42

## ҚАНДАСТАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

Аширралиева Э. 1 курс студенті  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және "Халықтың көші-қоны туралы" Заңында белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері."Қандас мәртебесін" алған тұлғалар және олардың отбасы мүшелері келесімен қамтамасыз етіледі:

Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарында тегін бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетумен;

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық көмекпен;

Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең жағдайда мектептерде және мектепке дейінгі ұйымдарда орындармен, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын көлемде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беретін оқу ұйымдарына оқуға түсуге бөлінген квотаға сәйкес білім алу мүмкіндігімен;

Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең жағдайда әлеуметтік қорғалумен;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесумен қамтамасыз етіледі.

Қандастарға жеке қосалқы шаруашылығын жүргізу, бағбандықпен айналысу, саяжай құрылысы үшін Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес ауылдық елді

мекендердің жерлерінен, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден, иммиграциялық жер қорынан, арнайы жер қорынан және босалқы жерлерден уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен жер учаскелері беріледі. Қандастарға шаруа немесе фермер қожалығын және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден, арнайы жер қорынан, иммиграциялық жер қорынан және босалқы жерден уақытша жер пайдалану құқығымен жер учаскелері беріледі. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасына қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасынан тыс қоныс аударған қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұрғылықты жеріне жол жүру және мүлкін тасымалдау шығындарын өтеуді қамтитын

біржолғы жәрдемақылар белгілеуі мүмкін. Жәрдемақыларды төлеудің тәртібі мен шарттарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде бекітеді.

Қандас мәртебесін беруге және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісім алған этникалық қазақтар және олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ қандастар және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағына келген кезде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және (немесе) кеден заңнамасына сәйкес, көлік құралдарын қоса алғанда, жеке пайдалануға арналған мүлкіне кедендік төлемдерді төлеуден босатылады. Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделетін мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады. Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне осы бапта көзделген мемлекеттік қолдау шараларынан басқатұтыну кредитін және тұрғын үй құрылысына ипотекалық қарыз алу құқығы беріледі.

Қандастар немесе оның отбасы мүшелері оларды қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізгеннен кейін қайтыс болған жағдайда, мемлекеттік қолдау шаралары қандастарға немесе отбасы мүшелеріне олардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанына қарамастан ұсынылады.

"Халықтың көші-қоны туралы" Заңының 23 бабы 4-2-тармағында аталған қандастар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірдің шегінен тыс жерге өзінің ерік қалауымен бес жыл ішінде өз бетінше көшіп-қонған не Қазақстан Республикасының азаматтығын алудан бас тартқан жағдайларда, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген, өздері алған мемлекеттік қолдау шараларын мерзімінен бұрын толық көлемде өтеуге міндетті.[1]

Қандас мәртебесін алған адамдар ҚР кең жеңілдіктер спектріне ие. Олардың негізгілері:

- жұмысқа орналастыруда, біліктілігін арттыруда және жаңа кәсіпті меңгеруде көмек көрсету;
- мемлекеттік және орыс тілдерін меңгеру үшін жағдай жасау;
- ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте Қарулы күштер қатарындағы қызметтен босату;
- орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарына түсу

үшін квоталарбөлу;

- мұқтаждар үшін мектептерде, мектепке дейінгі мекемелерде, сондай-ақ әлеуметтік қорғау мекемелерінде орындар беру;
- зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу;
- азаматтығы қалпына келтірілгендердің жаппай қуғын-сүргін құрбандары үшін берілетін өтемақыға құқықтарын іске асыру;
- ҚР кіруге виза беру үшін консулдық алымдардан босату;
- заңнамаға сәйкес кепілдік берілген тегін медициналық көмек көлемін алу;
- ҚР азаматтарына көзделген атаулы мемлекеттік көмек көрсету;
- шекара арқылы кедендік төлемдер мен салықтарды төлеусіз өту;
- тұрақты мекенжайына ақысыз жол жүру және жолжүгін (соның ішінде малды) алып өту;
- келген жерінде тұрғын үйді алуға қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақыны төлеу.[2]
- Әлемнің түкпір-түкпірінен қазақтар біртіндеп елге оралып жатыр. Бұл қуанышты нәрсе. «Көш көлікті болсын, туған Отанның орны бөлек» десек те, әлі де болса, төрткүл дүниенің төрінде өмір сүріп жатқан қандастарымыз жетерлік. Мәселен, Еуропа елдерінде 5 миллион қазақ болса, солардың жақын орналасуына сәйкес оншақты қауымдастығы жұмыс істейді. Ал Қытайда 2 миллионға жуық, Моңғолияда 1,5 миллион, Ресейде 1,5 миллион, Өзбекстанда 1,5 миллион, Ресейде 1 миллион, Түркіменстанда 500 мыңға жуық, Қырғызстанда 200 мың, Иранда 150 мың қазақ бар деген деректер бар.

Елімізге көшті алғаш рет 1989 жылы Моңғолия қазақтары бастаған. Ал 1991 жылы Тәуелсіздік алған соң Елбасы Н.Назарбаев дүниежүзінде жүрген қазақтарға елге оралу жөнінде үндеу тастап, оларға белгілі бір дәрежеде әлеуметтік көмек көрсетілетіні айтылды. Содан бастап әлемнің түкпір-түкпірінен қандастар келе бастады. Ол кездегі елдің экономикасы төмен болса да жыл сайын квота бөлініп, соған сәйкес туған жерге келгендерге жан басына қаржылай көмек беріліп, мемлекеттен баспана, жер алғандары да бар. Өз бетінше, өз қаражатына сеніп көшіп келгендер де қиыншылық көрген жоқ. Сол уақытта Қазақстаннан өздерінің тарихи Отанына кетіп жатқан өзге этностар да бар еді. Облыс, аудан, ауылдағы үйлер мен шаруашылық, кәсіпкерлікпен айналысуға қолайлы жерлер қолжетімді болды. Тіпті Алматы, Ақмола, Қарағанды, Ақтөбе, Ақтау, Шымкент секілді бүгінде ірі мегаполистерге айналған қалалардың өзінде 2-3 бөлме пәтерлер екі - үш мың АҚШ доллары ғана тұратын. Ол кезде аталмыш валютаның бағамы да төмен еді. Ертелеп елге оралғандар елге тез сіңісіп кетті. Қандастар нағыз қазақы тіл, дәстүр, ислами дін, қолөнер

секілді қасиетті құндылықтарымызды ала келді. Арасында білім, ғылымның биігіне шыққан ғалымдар, ақындар, жазушылар, өнер қайраткерлері де болды. Мәселен, қандастарымыздың арасында Майра Мұхамедқызы секілді әлемдік деңгейдегі классикалық әншіден бастап, 60 ғылым докторы, 40 ғылым кандидаты және спортшы саңлақтар да баршылық. Келе сала іс бастап, кәсіпкерлікпен айналысып, бұл бағытта да жетістікке жеткен қандастарымыз көп. Осының бәрі оларға жасалған қамқорлықтың нәтижесі.

Қандастарға мемлекет бірінші тараптан көмек берсе, 1992 жылы құрылған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы екінші жақтан өздерінің жәрдемін жасады. Сол 1992 жылдың қыркүйегінде дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өтсе, бүгінгі күнге дейін осындай алқалы бес басқосу болған. Ол құрылтайға әлемнің 40-тан астам елдерінен қандастарымыз жиналып, өздерін толғандыратын мәселелерді талқылады. Олардың арасында шешімін тапқан мәселелер де бар, күрмеуі шешілмей жүрген шетін жағдайларда кездеседі. Ең бастысы, әлемде өз қандастарын еліне шақырған, осындай қамқорлық жасаған бізден басқа бірде-бір мемлекет жоқ.

«Сонымен, 30 жылда қанша қандасымыз елге оралды?» деген мәселеге келсек, бұл туралы тың деректі жақында «Отандастар қоры» қоғамдық ұйымы хабарлады. Олардың айтуынша, 1991 жылдан бері елімізге 1 миллион 77 мың 300 қандасымыз көшіп келген. Қандастардың жартысынан көбі, яғни 76,3 пайызы – Өзбекстаннан келсе, 10,4 пайызы – Қытайдан, 6,2 пайызы – Түрікменстаннан, 2,7 пайызы – Моңғолиядан, 1,2 пайызы – Қырғызстаннан, 0,5 пайызы – Ираннан, 0,3 пайызы – Ауғанстаннан және қалған 2,5 пайызы басқа елдерден қоныс аударған. Алғаш Отанымызға оралғандардың бәріне жайлы өңірлерден квота берілді немесе қайда қоныстанса да рұқсат етті. Мәселен, осы келген этникалық қазақтардың 30,5 пайызы Алматы облысына, 17,7 пайызы Маңғыстау облысына, 15 пайызы Түркістан облысына, және 8 пайызы Жамбыл облысына ат басын тіреген. Сондай-ақ 11 пайызы Шымкент қаласына қоныстанды», – деп мәлімдеді «Отандастар қоры».

Соңғы жылдары еліміздің солтүстік облыстарынан тарихи Отандарына көшкен өзге ұлт өкілдері көбейіп, бос қалған ауылдар қатары артқан белгілі. Сондықтан да соңғы жылдағы қандастар көшінің басын мемлекет солтүстік облыстарға бағыттауда. Мәселен, 2021 жылғы 1 маусымдағы мәлімет бойынша, елімізде 6 935 адам «қандас» мәртебесіне ие болған. Олардың ішінде 404 қандасымыз бүгінгі күні Қазақстан азаматтығын алып- ты. 2021 жылға арналған қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы 1 426 адамға жоспарланған. Олар: Ақмола облысына – 258 адам, Қостанай облысына – 350 адам, Шығыс Қазақстан облысына – 195 адам, Солтүстік Қазақстан облысына – 123 адам және Павлодар облысына – 500 адам болып

қоныстанған.

2020 жылдың қорытындысы бойынша барлық көшіп келген қандастардың еңбекке қабілетті жастағылары – 57,1 пайызды құраған. Ал кәметтік жасқа толмағандары

– 31,9–пайыз. Зейнеткерлер болса – 11 пайызды құрайды.Әлеуметтанушылар мен демографтардың зерттеуінше шеттен келген қандастарымыз демографиялық өсуімізге айтарлықтай үлес қосқан.Олардың екі отбасының біреуінде 5-6 баладан бар екені анықталған.

Елімізге көшіп келген қандастардың бейімделуіне, жәрдемдесу және шетелдегі отандастарға ақпараттық-кеңестік қызмет көрсету мақсатында 2019 жылдан бастап

«Қандастарды ақпараттық қолдау орталығы» құрылған.Орталық қызметі «Байланыс орталығынан» және облыстардағы «фронт-кеңселерден» тұрады.Қандастарымыз «Отандастар қоры» бірыңғай ақпараттық орталығының 1404 телефон нөмеріне тегін қоңырау шалып, кеңес ала алады.2019-2021 жылдың маусымына дейінгі аралықта Орталыққа елімізге қоныс аударған қандастар мен шетелде тұратын этникалық қазақтардан барлығы 10690 өтініш келіп түсіп, олардың көтерген мәселелері өз шешімін тапқан.

Әлемді жайлаған індет тоқтап, еліміз экономикасы тың серпін алса, шетелде жүргенқандастарымызға бөлінетін квота көлемі де –артатынын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында айтып жүр.Сондықтан шетелде өмір сүріп, Отанына оралуды армандап жүрген этникалық қазақтарды тездетіп көшіріп алу ел Үкіметінің басты парызы болмақ[3].

Қазіргі әлемде шетелде отандастарды қолдау көптеген үкіметтер қызметінің маңыздыбағытына айналды. Көші-қон процестерінің жаһандық күшеюі және адами ресурстар үшін бәсекелестіктің күшеюі жағдайында көші-қон саясатының құрамдас бөлігі ретінде отандастарды репатриациялауды көтермелеу барған сайын маңызды бола түсуде.Реэмиграция мен репатриацияның кем дегенде үш түрін ажыратуға болады.Бірінші түрі- мемлекеттің жаңа мүмкіндіктер беруі, жаңа аумақтарды игеру және мемлекеттің дамуынақамтамасыз ету мақсатында адамдарды тарту бағдарламасын енгізу (мысалы - Израиль).Екінші түрі- Тарихи анықталған міндет (Германия, онда екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 10 миллионнан астам этникалық немістер, Франция, Алжирдегі соғыс аяқталғаннанкейін 1,5 миллион реэмигрантты қабылдады [4].

2020 жылғы 3 қыркүйекте ҚР Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы

№85 "ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, ресімдеу және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен

(тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына өзгеріс енгізілді. жоғалту, азаматтықтан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін айқындау". Жаңа құжатта "оралман" термині "қандасқа" ауыстырылды. [5]

Қандастар-бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған ұлты қазақ этникалық

қазақтар және (немесе) олардың отбасы мүшелері. Қандас мәртебесін алған тұлғалар ҚР-да жеңілдіктердің кең спектріне ие. Олардың негізгілеріне: жұмысқа орналасуға, біліктілігін арттыруға және жаңа кәсіпті игеруге көмек көрсету; мемлекеттік және орыс тілдерін үйрену үшін жағдайлар жасау; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қарулы Күштер қатарында қызметтен босату; кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу үшін квота бөлу; мектептерде мұқтаждарға орындар беру жатады мектепке дейінгі ұйымдарда, жәрдемақыларды төлеу; жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары үшін азаматтық қалпына келтірілген өтемақыларға құқықтарды іске асыру; ҚР-ға келуге виза бергені үшін консулдық алымдардан босату; заңнамаға сәйкес медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін тегіналу; Мемлекеттік атаулы көмек беру, кедендік төлемдер мен салықтарды өндіріп алмай шекара арқылы өту; тұрақты тұратын жеріне тегін жол жүру және мүлікті (оның ішінде малды) тасымалдау; келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақылар төлеу [6].

Бүгінде Қазақстанның демографиялық дамуы, соның нәтижесінде халық қартайды, ал жұмыс күшінің тапшылығы жақын арада дамудың тежелу факторына айналуы мүмкін, неғұрлым басым санаты Қазақстаннан көшіп келгендер, шетел қазақтары болып табылатын көшіп келушілерді тарту жөнінде белсенді іс-қимылдарды талап етеді. Ол үшін диаспоралармен ынтымақтастықты күшейту, отандастармен байланыс орнату және олардың репатриациясын көтермелеу бойынша басқа мемлекеттердің оң тәжірибесін мұқият зерделеу және пайдалану қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 [https://egov.kz/cms/kk/articles/kandas\\_rk](https://egov.kz/cms/kk/articles/kandas_rk)
- 2 [https://egov.kz/cms/kk/articles/kandas\\_rights\\_conditions](https://egov.kz/cms/kk/articles/kandas_rights_conditions)
- 3 <https://anatili.kazgazeta.kz/news/59864>
- 4 Aliakbarova A., Dukenbaeva Z., Abdildina B. Kazakh diaspora in

Mongolia, China and Turkey and the repatriation program Opcion, Ano 34,  
No.85 (2018): 725-738(ISSN10121587- Venezuela-Scopus)

5 Постановление Кабинета Министров Казахской ССР от 18 ноября 1991  
года № 711

«О порядке и условиях переселения в Казахскую ССР лиц коренной  
национальности, изъявивших желание работать в сельской местности, из  
других республик и зарубежных стран» URL:  
[http://online.zakon.kz/m/Document/?doc\\_id=1000759](http://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=1000759)

6 Постановлением Правительства Республики Казахстан от 16 сентября  
1998 года

№ 900 «О Концепции репатриации этнических казахов на историческую  
родину» URL: <http://egov.kz/cms/ru/law/list/P980000900>

Ғылыми жекткіші: т.м., аға оқытушы Алияқпарова А.П.